

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» ММ
«№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**

БЕКІТІЛДІ
Ақтөбе қаласының білім бөлімінің
2023 жылғы « _____ » _____
№ _____ бұйрығымен



БАҒДАРЛАМА

«Шахмат әлемі»

Ақтөбе 2023 жыл.

Бағдарлама негізі: И.Г Сухинаны «Шахмат ойынына алғашқы қадам» бағдарламасын негізге ала отырып, «Шахмат әлемі » бағдарламасы мектеп жасына дейінгі жоғары топ балаларына арналып жасалған.

Құрастырған: №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі: Ертазина Н.Б

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңес отырысында «Шахмат әлемі » бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«29» 08 2023ж

2023-2024 оқу жылы жоғарғы топтарда аптасына 2-сағат «Шахмат әлемі » бағдарламасы қолдануға шешім қабылданды.

№39 «Достық» бөбекжай балабақша меңгерушісі  А.Ж.Уркимбаева

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Шахмат әлемі » бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № ____

« ____ » _____ 2023ж

Сараптау комиссиясының төрайымы  Қосымбаева М.О





**Ақтобе қаласындағы №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі Ертазина Н.Б.
«Шахмат әлемі» бағдарламасына**

Пікір

Шахмат бірден-бір кемелденген шығармашылық ойлау құралы, балалардың ой өрісі, қуаттының өркендеу құралы. Олар ғылым, өнер және спорт элементтерімен байланысты Шахмат ойыны - балаларды қызықтыратын тартымды ойын түрі. Балалар шахмат ойынына ақыл-ойдың көп көмегі барын түсіне бастайды. Ақыл-ой мен зейін қоюдан және жауапкершіліктен ойында жеңіп шығудың көп пайдасы тиетінін ұғына түседі. Балалар қызықты тапсырмалар орындауда ұмтылып, өзін-өзі ұсына бастайды. Біріншіден, ойын шартымен танысады, ойынға жоспар құруды үйренеді, шахмат тапсырмаларын орындайды, өзара шахмат партиясын ойнайды, танымал шахматшылардың ойындарын талдайды, шахматтық жарыстарға қатысады. Шахмат ойындарын жетілдіруге шек қойылмайды, әрқашан оқу ісін жүргізеді және әрқашан таңқалдырады.

Осы міндеттер мен қызығушылықты арттыра түсетін, мәнісімен ерекшеленген жаңа қоғамдық дүниені үйрету мақсатында №39 «Достық» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі Ертазина.Н.Б. «Шахмат әлемі» бағдарламасын мектеп жасына 5-6 жастағы балаларға арнап құрастырып шығарды.

Сағат саны-72 сағат, аптасына-2 сағат.

Ересек және мектепалды топтарында дидактикалық әдістемелер колданып, қабілетті дамыту, мектепалды және ересек топ балаларына шахмат ойынын үйретуді сапалы жүргізуге мынадай міндеттер қойылады:

-балаларды ежелгі азиялық шахмат ойынымен таныстырып, қызығушылығын арттыру:

-есте сақтау, ойлау қабілетін дамытуға ықпалын тигізу.

-мақсатына жетуге, тапқырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.

Шахмат-бұл жай ғана ойын емес, балаларға көптеген қуаныш сыйлайды, сүйсінушілік, бірден-бір ақыл-ой әсерін қалдырады. Бала, шахмат ойынын үйрене бастайды, жинақылық танытады, өз бетімен ойлануды үйренеді, шешім қабылдай біледі, жеңімпаз атануға күш салады. Шахмат ойыны балаларға шығармашылық қуаныш және рухани әлем сыйлайды.

Ақтобе облыстық әдістемелік
орталығының әдіскері

М.Т.Мурзагулова

Ақтөбе қалалық білім бөлімі
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы
«Шахмат әлемі» бағдарламасының
Түсініктеме хат

Шахмат ойынында балалар өздігінен шешім қабылдауды және жауапкершілікті үйренеді. «Шахмат әлемі» бағдарламасы 4-5 жас аралығындағы балабақша тәрбиеленушілеріне арналып құрастырылған. Бала шахмат ойынын ойнауда, логикалық ойлауы, қарсыласымен өзін салыстыруды, өз ойын ашып айтуды, қорытынды шығара білуді, шешім қабылдай білуді, жинақтылықты, ұқыптылықты, жауаптылықты, іштей жоспар құруды, үйрене бастайды. Қоғамдық өмірдегі жаңа бір қызықты дүниені игереді. Сағат саны: 72 сағат. Аптасына 2 сағат.

Бағдарламаның өзектілігі: Шахмат ойыны балалардың ойына әсер ететін қызықтырарлық құрылымдық үлгі, ой өрісінің дамуында маңызды орын алатын фактор. Балалар шахмат ойнауда бар жағдайды ақыл-оймен шешуді үйренеді, балалар дұрыс шешім қабылдап жүріс жасайды. Шахмат ойынында балалар іштей жоспар құрып, ойында шешімін көрсетеді. Шахмат ойынында қолданған амал-айлалары мен жоспарларын, әдіс-тәсілдерін болашақ өмірде де жүзеге асырып, іштей өзін дайындап, мақсатқа жетуді жоспарлайтын болады.

Мақсаты:

- балабақша тәрбиеленушілерін шахмат ойынына қызығушылықтарын, шахмат ойынын жақсы көруге және кедергілердің шешімін таба білуге тәрбиелеу; шахмат мәдениетін үйрету;
- балалардың өзін жеңімпаз етіп ұстана білуге мүмкіншілік жасау;
- төзімділік, шыдамдылық,
- шапшаңдылық қасиеттерін,
- ақыл-ойын, зейінін, қиялын дамыту.

Міндеті:

Дамытушылық: Балалардың логикалық ойлауын, есте сақтау, өзіне баға бере білу, ақыл-ойын, зейінін дамыту.

Тәрбиелік: Балалар, шахмат ойынын ойнауда өз еркімен шешім қабылдауды үйренеді. Жеңілістен құтылудың жолын таба білуге және ойын соңына дейін күресе білуге тәрбиелеу.

Эстетикалық: Балаларды ойынында ертегі әлемінде жүру, сиқырлы фигуралардың әлемінде жүргендей сезіне білу. Шахмат тақтасындағы әр жүрістің өзіндік әдемілігін түсіндіру.

Физикалық: Шахмат тақтасында шыдамдылықпен ойнауға жаттықтыру.

Негізгі бағыттар:

1. Шахмат ойынына деген қызығушылықтарын арттыру;
2. Ойын ережесімен таныстыру;
3. Шахмат фигураларының атауларын атай білу;
4. Шахмат фигураларының орнын, жүрісін ажырата білу;
5. Сатылас, деңгейлес және диагонал бағыттарын ажырату;
6. Шахмат тақтасындағы сатылас, деңгейлес бағыттарындағы белгілерді атау.



Күтілетін нәтижесі:

- Балалардың шахмат ойынына қызығушылықтары арта түседі.
 - Шахмат ойыны арқылы балалардың логикалық ойлауы, зейіні, қарым-қатынасы, саусақ моторикасы дамиды.
 - Шахмат ойынындағы ең басты ойын ережесін үйренеді.
 - Шахмат ақ және қара алаңнан тұратынын білу.
 - Шахмат фигураларының атауын, жүрісін игеру.
 - Шахмат фигураларын алаңдарға орналастыруды үйрену.
 - Шах және мат қоя білуді меңгеру.
- Сатылас, деңгейлес және диоганал бағыттарының белгілерін айыра білу.

P.ella

Тақырыптық жоспар

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1.	«Шахмат патшалығы»	2 сағат
2.	Шахмат тақтасымен таныстыру	2 сағат
3.	Шахмат тақтасындағы сатылас, деңгейлес, диагональ жүрістерімен таныстыру	2 сағат
4.	«Шахмат эстафетасы»	2 сағат
5.	Шахмат фигураларымен таныстыру	2 сағат
6.	«Алғашқы қадам шахмат тақтасында»	2 сағат
7.	«Піл» фигурасы	2 сағат
8.	Тәжірибе жасау. Піл фигурасы	2 сағат
9.	«Турка» фигурасы	2 сағат
10.	Турка мен піл фигурасы арасындағы байланыстарын түсіндіру.	2 сағат
11.	«Ферзь» фигурасы	2 сағат
12.	Ферзь, турка және піл фигуралары арасындағы байланыстарын түсіндіру	2 сағат
13.	«Ат» фигурасы	2 сағат
14.	Ат фигурасының ферзь, турка және піл фигуралары арасындағы байланыстарын түсіндіру	2 сағат
15.	Пешка. «Артқа қадам жасамау!»	2 сағат
16.	«Пешка» фигурасы	2 сағат
17.	Пешка фигурасының ферзь, турка, піл және ат фигуралары арасындағы байланыстары	2 сағат
18.	«Король» фигурасы	2 сағат
19.	Король. «Ғажайып төртбұрыш»	2 сағат
20.	Шахмат жеңімпаздары	2 сағат
21.	Балаларды ойыншылардың ойын шартымен таныстыру: «Ұстаған фигурамен жүру. Жүрген фигураны орнына қайтармау»	2 сағат
22.	«Шах» қою ойын ережесімен таныстыру	2 сағат
23.	«Шах және мат» қою ойын ережесімен таныстыру	2 сағат
24.	«Мат» қою білуге үйрету	2 сағат
25.	Бірінші жүрістен мат қою ойын ережесін түсіндіру	2 сағат
26.	«Ешкімдікі емес» ойын ережесін түсіндіру	2 сағат
27.	«Рокировка жасау» ойын ережесін таныстыру	2 сағат
28.	Шахмат тақтасындағы сатылас бағыттағы белгілердің ерекшеліктерімен таныстыру	2 сағат
29.	Шахмат тақтасындағы деңгейлес бағыттағы белгілердің ерекшеліктерімен таныстыру	2 сағат
30.	«Шахмат эстафетасы»	2 сағат
31.	Практикалық жұмыс: ақ фигураларының бірінші жүрісі	2 сағат
32.	Практикалық жұмыс: кара фигураларының бірінші жүрісі	2 сағат
33.	Шахмат мерекесі	2 сағат
34.	Шахмат тақтасындағы бірінші жүріс	2 сағат
35.	«КВН» үлкендердің және балалардың қатысуымен	2 сағат
36.	«Қош, бол шахмат патшалығы!»	2 сағат
Барлығы:		72 сағат

Р. Әлліев

Жұмыс жоспары

Қ ы р к ү й е к	Р/ с	Тақырыптары	Мақсаты	Методикалық әдіс	Сағат
	1	«Шахмат патшалығы»	Балаларды шахмат әлемімен таныстыру. Шахмат ойыны танымал, ертеден келе жатқан ойын түрі екендігін айту. Балалардың шахмат ойынына деген қызығушылықтарын арттыру.	Шахмат ойынының шығу тарихын айтып беру. «Шахмат» әлемінде» ертегісін оқып беру. Балалармен мазмұнын әңгімелеу	2
	2	Шахмат тақтасымен таныстыру	Балаларды шахмат тақтасының көлемі мен шахмат тақтасы ақ және қара алаңнан тұратындығымен таныстыру. Шахмат тақтасындағы ақ және қара алаңдарының арақашықтығын түсіндіру. Қарандаш, линейка және тор Көзді дәптерге шахмат тақтасын сала білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Иә және жоқ»	2
	3	Шахмат тақтасындағы Сатылас, деңгейлес, Диогонал жүрістерімен таныстыру	Балаларды шахмат әлемімен Таныстыруды жалғастыру. Шахмат тақтасындағы сатылас, деңгейлес, диагональ көшелерімен арақашықтығын көрсету, түсіндіру.	Шахмат әлемі туралы әңгімелеу	2
	4	«Шахмат эстафетасы»	Балаларды шахмат әлемімен таныстыруды жалғастыру. Балалармен шахмат тақтасы жөнінде тәжірибе жасау.	Суретті схема тақтасы. «Суретті тақтаны құрастыр». «Шахмат алаңдарын ата»	2

T. Ilyas

А
Н
Қ
А
Р
А
Ш
А

5.	Шахмат фигураларымен таныстыру	Балаларды шахмат фигураларымен таныстыру.Зейін қойып тыңдауға дағдыландыру, қызығушылықтарын ояту.	Ертегі оқып беру «Сиқырлы фигура». Дидактикалық тапсырма және ойын: «Ғажайып қалта», «Тауып көр», «Жасырылған фигура», «Фигураларды атап бер?»
6.	«Алғашқы қадам шахмат тақтасына»	Балаларды шахмат тақтасындағы ақ және қара алаңдарға фигураларды қоюмен таныстыру. Фигуралар арасындағы сатылас, деңгейлес және диагональ байланыстарын түсіндіру.	Көрсету, түсіндіру. Дидактикалық тапсырма, ойын: «Қалта», «Иә, жоқ», «Доп»
7.	«Піл» фигурасы	Шахмат тақтасындағы «Піл» фигурасының орнын көрсету.Піл фигурасының жүрісін көрсету, түсіндіру, түсіндіру.Өртүрлі түсті және біртүсті піл фигурасы. Жеңіл және ауыр фигура.	Ертегі оқып беру. «Бұл піл нағыз пілге ұқсамайды». Дидактикалық тапсырма: «Лабиринт», «Жауынгерлер алаңында»
8.	Тәжірибе жасау. Піл фигурасы.	Практикалық жұмыс жүргізу.Піл Фигурасына байланысты жұмбақтар жасыру, шешу «Шахмат сандығы»	Дидактикалық тапсырма: «Лабиринт», «Жауынгерлер алаңында» «Қысқа жол»
9.	«Турка» фигурасы	Балаларды «Турка»фигурасымен танғыстыру.Турка фигурасының шахмат тақтасындағы орнымен, алғашқы шахмат алаңындағы жүрісін көрсету, түсіндіру. Зейін қойып тыңдауға дағдыландыру.	Дидактикалық ертегі оқып беру «Мен-Туркамын». Шахмат тақтасындағы орнымен, жүрісін түсіндіру.Шабуыл жасау ережесімен түсіндіру. Дидактикалық тапсырма, ойын: «Лабиринт», «Жауынгерлер алаңында», «Қысқа жолды алаңда»
10.	Турка мен піл фигурасы арасындағы байланыстарын түсіндіру	Практикалық жұмыс жүргізу. Балалардың зейінін, ойлауын және саусақ моторикасын дамытуға арналған ойындар жүргізу	Дидактикалық тапсырма: «Қорғаныс», Фигура ұтып ал!».Дидактикалық ойын: «Шабуыл жасау» (екі тур піл фигурасына шабуылда

Теллер

11.	«Ферзь» фигурасы	Балаларды «Ферзь» фигурасымен таныстыру. Ферзь фигурасының шахмат тақтасындағы орны мен жүріс жасау ережесін түсіндіру. «Ферзь-ең қиын фигура».	«Қара және ақ аттар» ертегісін оқып беру. Дидактикалық ойын: «Қорғаныс алаңы», «Кедергілер», «Шабуыл жасау ойыны» (қара ферзь және ақ ферзь фигураларының шабуыл жасауы)	2
12.	Ферзь, турка және піл фигуралары арасындағы байланыстарын түсіндіру	Балаларды ферзь фигурасымен таныстыруды жалғастыру. Ферзь фигурасына байланысты ойындар жүргізу.	Практикалық жаттығулар орындату	2
13.	«Ат» фигурасы	Шахмат фигураларымен таныстыруды жалғастыру. «Ат» фигурасының жүрісі, шабуыл жасау ережелерімен және ат фигурасының кедергіден шығу жолын көрсету, түсіндіру.	Дидактикалық ойын: «Алаңдағы кедергілер», «Шабуыл жасау ойыны». «Жасырылған фигура»	2
14.	Ат фигурасының ферзь, турка және піл фигуралары арасындағы байланыстарын түсіндіру	Балаларды шахмат тақтасындағы ат фигурасымен таныстыруды жалғастыру. Балалардың ойын арқылы саусақ моторикасын, қиындықтың шешімін табуға және жинақтылыққа үйрету.	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба». Дидактикалық тапсырма: «Екі қайтара соққы беру» «Фигураны ұтып ал!», «Алаңдағы қорғаныс», «Кедергілер алаңы», «Шабуыл жасау ойыны»	2
15.	Пешка. «Артқа қадам жасамау!»	Шахмат тақтасындағы пешка фигурасының орнын көрсету, таныстыру. Пешка фигурасының жүрісін көрсету, түсіндіру.	«Балабақша», «Сиқырлы пешка» ертегілерін оқып беру, мазмұнын әңгімелеу. Дидактикалық тапсырма: «Лабиринт», «Жауынгерлер алаңында». Дидактикалық ойын: «Ғажайып дорба»	2

Түлліс

Қ А Н Т А Р	16.	«Пешка» фигурасы	Балаларды пешка фигурасыменг таныстыруды жалғастыру. «Пешкалармен шабуыл» жасауға үйрету. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	Дидактикалық тапсырма: «Қарсы жақ фигураларына шабуыл жасау», «Екі қайтара соққы», «Қорғаныс», «Фигураны ұтып ал!». Дидактикалық ойын: «Алаңдағы кедергілер».	2
	17.	Пешка фигурасының ферзь, турка, піл және ат фигуралары арасындағы байланыстары.	Балаларды пешка фигурасымен таныстыруды жалғастыру. Балаларға тапсырмалар беру, шахмат ойынында қарапайым әдіспен шабуылды бұзып шығуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Шабуыл жасау ойыны»	2
	18.	«Король» фигурасы	Балаларға король фигурасының қалай жүріс жасап жүретінін көрсету. «Король фигуралары шабуыл жасай алмайды» ойынының шартын түсіндіру. Балалардың ойын кезінде зейін қойып тыңдауға, ойын шартын түсініп ойнауға және ақылмен ойнай білуге, дұрыс шешім таба білуге дағдыландыру, жаттықтыру.	Король фигурасының шахмат тақтасындағы орнын көрсету, жүрісін әңгімелеп беру. Ойында король фигурасы қарсылық жасамайды, бірақ шабуылға қарсы қоюға болмайтынын түсіндіру.	2
	19.	Король «Ғажайып төртбұрыш»	Ғажайып төртбұрыш ойынында король фигурасының міндетін түсіндіру. Балалардың ойлауын, Ашешім қабылдай білуге және ойын бөлісуге үйрету	Ғажайып төртбұрыш ойынында король фигурасының міндетін әңгімелеу. «Екі қайтара соққы». Дидактикалық ойын: «Кедергілер алаңында», «Қорғаныс алаңы»	2

Р. Илья

	20.	Шахмат жеңімпаздары	Балаларға қайталау тапсырмаларын беру, өткен тақырыптарды ой елегінен өткізу. Шахмат ойынында қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу, жеңіл шахматтық тапсырмаларды орындай білуге үйрету.	Практикалық тапсырмалар.	2
А Қ П А Н	21.	Балаларды «Ұстаған фигурамен жүру», «Жүрген фигураны орнына қайтармау» ойыншыларды ойын шартымен таныстыру.	Шахмат ойынында «Ұстаған фигурамен жүру», «Жүрген фигураны орнына қайтармау» ойын ережесі барын түсіндіру, көрсету.	Әңгімелеу, көрсету, практикалық жаттығулар.	2
	22.	«Шах» қою ойын ережесімен таныстыру	Балаларды «Шах» қою ойын ережесін түсіндіру. Ойында қорытынды жасай білуге, ойлауын, шах қоя білу мүмкіндігін жасай білуге үйрету. Логикалық ойлауын, дұрыс шешім қабылдай білуге және ойында жинақылық таныта білуге жаттықтыру.	Ферзь, турка, ат, пешка фигураларына шах қою. Шах қоюдан қорғану. Дидактикалық тапсырма: «Шах, шах емес», «Шах қою», «Ашық шах қою». Дидактикалық ойын: «Бірінші шах».	2
	23.	«Шах және мат» қою ойын ережесімен таныстыру.	«Шах және мат» қою ойын ережесімен таныстыру. Шахмат ойынында мат қою ойынның қорытындысын	Практикалық жаттығулар	2

Аллаев

Н А У Р Ы З			шығаратынын түсіндіру.Балаларды ойында дұрыс шешім жасап «шах» және «мат» қоя білуге үйрету.		
	24	«Мат» қоя білуге үйрету	Балаларды «мат»қою ойын ережесімен таныстыруды жалғастыру.Балаларды дұрыс шешім қабылдай білуге,ойлауын, қорытынды жасай білуге үйрету. Басқа балалардың ақылының тыңдай білуге тәрбиелеу.	«Қош бол,Шахмат әлемі» ертегісін оқып беру.ферзь,турка,ат және пешка фигураларына мат қою ойын ережесін түсіндіру.	2
	25.	Бірінші жүрістен «Мат» қоя білуге үйрету.	Бірінші жүрістен «Мат» қоя білуге үйрету.Балаларды дұрыс шешім қабылдай білуге, ойлауын, қорытынды жасайы білуге және ұйымдастыра білуге үйрету.	Бірінші жүрістен мат қоюдың қиын жақтарын көрсету,түсіндіру. Дидактикалық тапсырма: «Бірінші жүрістен мат қою»	2
	26.	«Ешкімдікі емес» ойын ережесін түсіндіру.	«Ешкімдікі емес» ойын ережесін түсіндіру.Пат және мат ойының ережесінің айырмашылықтарын айтып беру.	«Мат және пат» ертегісін оқып беру. Мазмұнын әңгімелеу.	2
	27.	«Рокировка жасау» ойын ережесін таныстыру.	Балаларды «Рокировка жасау» ойын ережесімен таныстыру. Рокировка жасау не үшін керектігін түсіндіру. Рокировканың қалай жасалатынын көрсету. Балалардың шығармашылық	Ұзын және қысқа рокировка жасалу жолын көрсету. Дидактикалық тапсырма: «Рокировка»	2

Р. Алеев

			ойлауын,логикалық ойлауын, дұрыс шешім қабылдай білуге үйрету.		
	28.	Шахмат тақтасындағы сатылас бағыттағы белгілердің ерекшеліктерім ен таныстыру.	Балаларға шахмат тақтасындағы сатылас бағыттағы белгілердің ерекшеліктерін түсіндіру. Шахмат тақтасында 1 ден 8 саны болатынын айтып көрсету, түсіндіру.	Практикалық тапсырма	2
С Ә У І Р	29.	Шахмат тақтасындағы деңгейлес бағыттағы белгілердің ерекшеліктерім ен таныстыру.	Шахмат тақтасындағы деңгейлес бағыттағы белгілердің ерекшеліктерін түсіндіру.шахмат тақтасындағы деңгейлес бағыттағы әріптердің қандай қызмет атқаратынын түсіндіру. Латын әріптерін қайталау (A,B,C,D,E,F,G,H)	Практикалық тапсырма	2
	30.	«Шахмат эстафетасы»	Шахмат тақтасына фигураларды орын-орнымен дұрыс,әрі шапшаңдықпен қоя білу, фигураларды қойған алаңды атап беру.	Қайталау орындарын жүргізу	2
	31.	Практикалық жұмыс: ақ фигура-ларының бірінші жүрісі.	Практикалық жұмыс: ақ фигураларының бірінші жүрісі. Балаларға ең оңай шахмат ойынын үйрету.	Жұмбақ шештіру	2
	32.	Практикалық жұмыс: кара фигуралары-ның бірінші жүрісі	Практикалық жұмыс: кара фигураларының бірінші жүрісі. Балаларға ең оңай шахмат ойынын	Жұмбақ шештіру	2

Реллер

М А М Ы Р			үйрету.		
	33.	Шахмат мерекесі	Балалардың шахмат ережелерін орындауы. Логикалық ойлауын дамыту. Шахмат фигураларына байланысты жұмбақтар қою, зейін қойып тыңдап, жауап беру. Балаларды шахмат тарихы және шахмат жеңімпаздарымен таныстыру.	Көрсету, әңгімелеу. Дидактикалық тапсырма	2
	34.	Шахмат тақтасындағы бірінші жүріс	Бірінші жүрісті жоспарлап, ойланып жүру, белгілеуді үйрету. Шахмат алаңындағы бірінші жүріс жауапты жүріс екендігін түсіндіру.	Қарсыласпен ойын ойнау	2
	35.	«КВН» үлкендердің және балалардың қатысуымен	Үйренгендерін ортаға салу. Шахмат ойыны мен ережелерін және фигуралардың орны мен жүрістерін атау, көрсету, тапсырмалар, жұмбақтар жасыру.	Ұжымдық жұмыс	2
	36	«Қош бол, шахмат патшалығы!»	Өткенді қайталау. Фигуралардың атаулары мен жүрістерін, рокировка жасау жолын, шахмат тақтасындағы белгілерді еске түсіру.	Дидактикалық ойындар жүргізу	2

Барлығы: 72 сағат.

Tell...

Пайдаланылған әдебиеттер:

I. Негізгі әдебиеттер:

1. Балашова Е.Ю. Москва білім беру 2009 ж. «Шахмат әліппесі». 1 баспалдақ «Шахмат ертегісіндегі қаһармандар ойыны».
2. Балашова Е.Ю. Москва білім беру, 2009ж. «Шахмат ертегісіндегі қаһармандар ойыны».

II. Қосымша әдебиеттер:

1. Балашова Е. Москва білім беру, 2009ж. «Есептер жинағы» баспалдақ.
2. Балашова Е. Москва білім беру, 2009ж. «Шахмат әліппесі». I баспалдақ.
3. Весела И., Веселы И. Петрозаводск, 1994ж. «Шахматтық әріптер».
4. Ильина, Н.Н. Попова Москва білім беру, 1991ж. «Оқырмандарға кітап».
5. Гришин В.Г. Петрозаводск, 1994 ж. «Балалар шахмат ойнауда».
6. Н.Н.Попова. Москва білім беру, 1991 ж. «Балабакша тәрбиешілеріне арналған». «Тәжірибелік жұмыс».
7. Дорофеева А. Москва білім беру, 2007ж. «Шахмат ойынын үйренгім келеді!».
8. Журавлев Н.И. Москва «Мемлекеттік кітап», 1991 ж. «Таңғажайып шахмат әлемінде».
9. Касаткина В. Москва білім беру, 2009 ж. «Шахмат дәптері».
10. Костенюк А.; Костенюк Н. Мектепке дейінгі шахмат кітабы. Москва білім беру, 2007 ж. «Шахмат ойынын қалай үйрету керек?».
11. Лобач П. Саратов, 2009 ж. «Шахмат ережесі».
12. Сухин И. Москва білім беру, 2007ж. «Балаларға арналған шахмат».
13. Фоминых М. Чебоксары, 2009 ж. «Шахмат достары».

ЕҢБЕК ШАРТЫ
қосымша білім беру педагогпен

Ақтөбе қаласы

"01" "10" 2023 жыл

№39 "Достық" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысы, ақылы қосымша білім беру қызметтері туралы ереженің негізінде әрекет ететін Уркимбаева Аққаным Жақсыевна бір жағынан «Жұмыс беруші», ал екінші жағынан Сертеуиза Н.Б. "Қызметкер" деп аталатын азамат осы Шартты келесілер туралы жасады:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Жұмыс беруші білім беру мекемесінің негізгі білім беру қызметі шеңберінен тыс №39 "Достық" бөбекжай-балабақшасы МКҚК (бұдан әрі – білім беру мекемесі) лауазымында еңбек міндеттерін орындауды тапсырады, ал қызметкер өзіне алады.
- 1.2. Осы Шарт бойынша жұмыс қызметкер үшін болып табылады.
- 1.3. Қызметкердің жұмыс орны Ақтөбе қаласы, Чекалин көшесі, 36 мекенжайы бойынша орналасқан білім беру мекемесі болып табылады.
- 1.4. Осы Шарт бойынша қызметкердің еңбегі қалыпты жағдайда жүзеге асырылады.
- 1.5. Қызметкер тікелей білім беру мекемесінің меңгерушісіне есеп береді.

2. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

- 2.1. Қызметкер өзінің еңбек міндеттерін орындауға кірісуі керек
- 2.2. Осы Шарт белгілі бір мерзімге, 01.05.2023ж дейін жасалды.

3. ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ

- 3.1. Қызметкерге жалақы жоспардың орындалуын және өткізілген сабақтардың санын ескере отырып, айына бір рет бюджеттен тыс қаражат есебінен төленеді. Төлем түскен ақшалай қаражаттың 50 % есебінен жүргізіледі. Аурухана парақтары, еңбек демалысы және декреттік демалыстар төленбейді.
- 3.2. Қызметкерге жалақы ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде белгіленген мерзімде төленеді.
- 3.3. Қызметкердің жалақысынан Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ұстап қалу жүргізілуі мүмкін.

4. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ МЕН ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ РЕЖИМІ

- 4.1. Жұмыс уақытының ұзақтығы аптада 2 сағ.
- 4.2. Отбасылық мән-жайлар және басқа да дәлелді себептер бойынша қызметкерге оның жазбаша өтініші негізінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленген ұзақтықта жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

5. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қызметкер міндетті:

5.1.1. Келесі лауазымдық міндеттерді адал атқару:

- 1) негізгі білім беру қызметі шеңберінен тыс білім беру бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерге қосымша ақылы білім беруді жүзеге асыруға, олардың әртүрлі шығармашылық білімін дамытуға (шахмат) қызметі;
- 2) бекітілген кестеге сәйкес қосымша ақылы білім беру қызметтерін толық көлемде көрсетуге міндетті;
- 3) білім беру мекемесі тәрбиеленушісінің ата-анасының (занды өкілдерінің) қатысуымен тоқсанына бір рет ашық сабақ өткізуге;

қосымша білім беру қызметтері туралы ережені, Жұмыс берушінің өзге де жергілікті нормативтік актілерін бұзған, сондай-ақ жұмыс берушіге материалдық залал келтірілген жағдайда, ол Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік, материалдық және өзге де жауаптылықта болады.

9.2. Қызметкер жұмыс берушіге келтірілген тікелей нақты залалды өтеуге міндетті.

9.3. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес материалдық және өзге де жауаптылықта болады.

9.4. Заңда көзделген жағдайларда жұмыс беруші Жұмыс берушінің заңсыз әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген моральдық зиянды жұмыс берушіге өтеуге міндетті.

10. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ

10.1. Осы еңбек шарты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін.

10.2. Қызметкермен осы Шартты тоқтатудың қосымша негіздері:

10.2.1. Бір жыл ішінде білім беру мекемесінің жарғысын өрескел бұзу.

10.2.2. Тәрбиеленушінің жеке басына физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбие әдістерін қолдану, оның ішінде бір мәрте қолдану.

10.2.3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тиісті лауазымға орналасу үшін шекті жасқа жету.

10.3. Барлық жағдайларда қызметкер жұмыстан босатылған күн оның жұмысының соңғы күні болып табылады.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Осы еңбек шартының талаптары құпия сипатқа ие және жария етуге жатпайды.

11.2. Осы еңбек шартының талаптары Тараптар оған қол қойған кезден бастап тараптар үшін міндетті заңды күшіне ие болады. Осы еңбек шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар екіжақты жазбаша келісіммен ресімделеді.

11.3. Тараптар арасындағы еңбек шартын орындау кезінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

12. Осы Шарт мерзімге жасалды

« 31 » 05 2023 жылдан бастап « 01 » 10 2023 жылға дейін.

13. Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін де бұзылуы мүмкін:

- Тараптар міндеттемелерді орындамаған жағдайда;

- Орындаушы дәлелді себептерсіз жұмысқа шықпаған жағдайда, құжаттармен расталған (ауру туралы аурухана парағы және т. б.);

- этикалық емес мінез-құлық жағдайында (алкоголь ішу, дөрекілік, жанжал жағдайы және т. б.);

- еңбек шартының талаптарымен келіспеген жағдайда.

14. Еңбек шарты бұзылған жағдайда әрбір тарап 10 күн бұрын алдын ала хабарлауға тиіс.

13.1. Шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалды, олардың біреуі жұмыс берушіде, екіншісі қызметкерде сақталады.

Жұмыс Беруші:

№39 "Достық" бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Тіркеу туралы куәлік: № №16647-1904-МК

БСН 100840008593

Ақтөбе қаласы, Чекалин көшесі, 36

Басшы _____ (қолы)

Уркимбаева А. Ж.

МО



Қызметкер:

Аты-жөні Армазина Н.В.
_____ (қолы)

Мекенжайы: В. Тимуржанбетов
34-15

Телефон: 8 771 118 28 10